



БАЙТЕРЕК

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКСПОРТТЫҚ-КРЕДИТТІК АГЕНТТІГІ**

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ

ҚЕХС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес
қысқартылған аралық қаржылық ақпарат
2026 жылғы 30 маусым



Қысқартылған Аралық Қаржылық Есептілікті шолып тексеру бойынша есеп

«Қазақстанның экспорттық-кредиттік Агенттігі» АҚ Акционеріне, Директорлар және Басқармасына кеңесіне:

Кіріспе

Біз «Қазақстанның экспорттық-кредиттік Агенттігі» АҚ-ның (әрі қарай - «Агенттік») 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепке, көрсетілген күндегі жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық есепке, көрсетілген күнмен аяқталған алты ай бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысы және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есептерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме ескертпелерге шолып, тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық есептілікті «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептіліктің стандартына (IAS) сәйкес дайындалауына және дұрыс ұсынылуына жауапты. Біздің жауапкершілігіміз біздің жүргізген шолып тексеруінің негізінде осы қысқартылған аралық қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастырудан тұрады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді «Мекеменің тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» 2410 Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті шолып тексеруі сауалнама алудан, ең алдымен, қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарына жауапты қызметкерлерден, және де сараптамалық және басқа да рәсімдерді қолданудан тұрады. Шолып тексеру көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындалатын барлық маңызды аспектілер белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

Қорытынды

Біздің жүргізген шолып тексеру нәтижесінде, осы қысқартылған аралық қаржылық есептіліктің, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілік» 34 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дұрыс ұсынылмаған деп санауға себеп болатын деректер анықталмады.

PricewaterhouseCoopers LLP.

2026 жылғы 3 тамыз

Алматы, Қазақстан

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Қысқартылған аралық пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп

		(Аудиттелмеген) Аяқталған алты айдағы 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған мың теңге	(Аудиттелмеген) Аяқталған алты айдағы 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған мың теңге
Ескертпе			
Сактандыру бойынша кіріс	5	2,859,666	4,751,964
Сактандыру қызметтері бойынша шығыстардың қалпына келтіру	5	7,090,663	8,380,727
Ұсталатын қайта сактандыру шарттары бойынша таза пайда/(шығыстар)	5	7,071,150	(2,786,686)
Сактандыру қызметінің нәтижесі		17,021,479	10,346,005
Шығарылған сактандыру шарттары бойынша қаржылық шығыстар		(3,288,506)	(966,539)
Ұсталатын қайта сактандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер/(шығыстар)		56,171	23,757
Сактандыру қызметінен түсетін қаржылық шығыстардың жиыны		(3,232,335)	(942,782)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	6	10,917,000	10,259,734
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза залал		(1,596,522)	(290,361)
Жалпы әкімшілік шығыстар		(1,601,095)	(1,457,207)
Кредиттік залалдар бойынша резервті қалпына келтіру/(құру)		90,293	(29,788)
Басқа операциялық кіріс/(шығыс), нетто		20,420	(50,220)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		21,619,240	17,835,381
Табыс салығы бойынша шығыс	7	(3,939,602)	(1,013,685)
Кезеңдегі пайда		17,679,638	16,821,696
Табыс салығын шегергендегі басқа жиынтық табыс			
Әділ құн өзгерістерінің резерві:			
- Әділ құнның таза өзгеруі		777,192	(4,312,468)
Табыс салығын шегергендегі кезеңдегі өзге де жиынтық табыс/(шығыс)		777,192	(4,312,468)
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық табыс		18,456,830	12,509,228

2-ден 44-ге дейінгі беттерде ұсынылған осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты Агенттік басшылығы 2026 жылғы 03 тамызда бекітті және оның атынан қол қойды:

А. Шәйжүнісов
Басқарма төрағасы



Т. Дузбаева
Бас бухгалтер

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
 Қысқартылған аралық ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

		(Аудиттелмеген) 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мың тенге	31 желтоқсан 2025 жыл мың тенге
АКТИВТЕР	Ескертпе		
Қаражат және олардың баламалары	8	104,458,042	57,454,551
Банктердегі депозиттер	9	92,965,957	89,360,288
Инвестициялық бағалы қағаздар:			
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын	10	40,571,208	43,326,206
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	10	6,391,981	7,190,549
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша активтер	11	1,740,007	1,260,689
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	11	8,960,676	1,563,464
Негізгі құралдар		326,048	354,132
Материалдық емес активтер		316,481	358,849
Ағымдағы салық активі		-	1,123,855
Кейінге қалдырылған салық активтері		4,635,642	4,731,058
Алдағы кезеңдердің шығындары		1,109,136	1,125,930
Басқа активтер		64,255	12,846
Барлық активтер		261,539,433	207,862,417
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	11	51,475,964	55,970,824
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	11	387,442	626,815
Ағымдағы салық міндеттемелері		569,298	-
Сауда кредиторлық берешегі		219,531	839,453
Басқа міндеттемелер		470,685	663,663
Барлық міндеттемелер		53,122,920	58,100,755
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	12	175,100,000	125,100,000
Қосымша төленген капитал		732,819	732,819
Тұрақтандыру резерві	12	4,005,228	4,377,215
Күтілген тәуекелдерге арналған резерв	12	729,283	-
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві		(2,741,366)	(3,518,558)
Бөлінбеген пайда		30,590,549	23,070,186
Барлық меншікті капитал		208,416,513	149,761,662
Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал		261,539,433	207,862,417

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Қысқартылған аралық ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

Ескертпе	(Аудиттелмеген) 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мың теңге	(Аудиттелмеген) 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	21,619,240	17,835,381
<i>Түзетулер:</i>		
Шығарылған сақтандыру шарттары және ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер	(12,607,916)	(10,190,432)
Тозу және амортизация	83,502	41,359
Басқа операциялық шығыс	74,137	-
Қаржы активтерінің құнсыздануынан түсетін кірістер	(96,629)	(31,895)
Тіімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	(10,917,000)	(10,259,734)
Іске асырылмаған бағамдық айырмашылық	1,596,522	290,084
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі (пайдаланылған) ақша ағындары	(248,144)	(2,315,237)
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаяуы	(4,615,890)	(24,311,510)
Банктердегі депозиттер	(102,616)	-
Басқа активтер		
Операциялық міндеттемелерін ұлғаюы/(азаяуы)	(812,798)	(342,782)
Басқа міндеттемелер		
Операциялық қызметтен алынған пайыздық кіріске және табыс салығын төлеуге дейінгі (пайдаланылған) таза ақша қаражаты	(5,779,448)	(26,969,529)
Төленген табыс салығы	(1,711,309)	(2,040,642)
Алынған пайыздық кіріс	11,528,320	11,267,648
Операциялық қызметтен (пайдаланылған)/алынған ақша қаражатының ағындары	4,037,563	(17,742,523)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер	2,766,465	10,186,515
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	-	(2,000,000)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(13,050)	(23,744)
Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражатының ағындары	2,753,415	8,162,771
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Акцияларды шығару	50,000,000	-
Төленген дивидендтер	(9,801,979)	-
Қаржылық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының ағындары	40,198,021	-
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаяуы)	46,988,999	(9,579,752)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	14,492	(4,926)
Кезең басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	57,454,551	81,533,181
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	104,458,042	71,948,503

8

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп

	(Аудиттелмеген) Акцияонерлік капитал	(Аудиттелмеген) Қосымша толенген капитал	(Аудиттелмеген) Тұрақтандыру резерві	(Аудиттелмеген) Күтіпеген тәуекелдер резерві	(Аудиттелмеген) Әділ құн өзгерістерінің резерві	(Аудиттелмеген) Жинақталған пайда	(Аудиттелмеген) Барлық меншікті капитал
мың теңге							
2026 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	125,100,000	732,819	4,377,215	-	(3,518,558)	23,070,186	149,761,662
Жалпы жиынтық табыс							
Кезеңдегі пайда	-	-	-	-	-	17,679,638	17,679,638
Басқа жиынтық шығын							
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:							
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	777,192	-	777,192
Барлық басқа жиынтық шығындар	-	-	-	-	777,192	-	777,192
Жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	777,192	17,679,638	18,456,830
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар							
Капиталға салымдар (акцияларды шығару)	50,000,000	-	-	-	-	-	50,000,000
Жарияланған дивидендтер (12-ескертпе)	-	-	-	-	-	(9,801,979)	(9,801,979)
Күтіпеген тәуекелдер резервіне аулау (12-ескертпе)	-	-	-	729,283	-	(729,283)	-
Тұрақтандыру резервінен көшіру (12-ескертпе)	-	-	(371,987)	-	-	371,987	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	50,000,000	-	(371,987)	729,283	-	(10,159,275)	40,198,021
2026 жылғы 30 маусымдағы қалдық	175,100,000	732,819	4,005,228	729,283	(2,741,366)	30,590,549	208,416,513

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық есеп

	(Аудиттелмеген) Акциянерлік капитал	(Аудиттелмеген) Қосымша төленген капитал	(Аудиттелмеген) Тұрақтандыру резерві	(Аудиттелмеген) Әділ құн өзгерістерінің резерві	(Аудиттелмеген) Жинақталған пайда	(Аудиттелмеген) Барлық меншікті капитал
мың теңге						
2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	105,100,000	732,819	4,123,978	(25,768)	15,494,022	125,425,051
Жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	16,821,696	16,821,696
Кезеңдегі пайда	-	-	-	-	-	-
Басқа жиынтық табыс	-	-	-	-	-	-
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:	-	-	-	(4,312,468)	-	(4,312,468)
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	(4,312,468)	-	(4,312,468)
Барлық басқа жиынтық табыс	-	-	-	(4,312,468)	16,821,696	12,509,228
Жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар	-	-	-	-	(6,173,426)	(6,173,426)
Жарияланған дивидендтер (12-ескертпе)	-	-	-	-	(253,237)	-
Тұрақтандыру резервіне көшіру (12-ескертпе)	-	-	253,237	-	-	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	-	-	253,237	-	(6,426,663)	(6,173,426)
2025 жылғы 30 маусымдағы қалдық	105,100,000	732,819	4,377,215	(4,338,236)	25,889,055	131,760,853

мың теңге

2025 жылғы 1 қаңтардағы қалдық

Жалпы жиынтық табыс

Кезеңдегі пайда

Басқа жиынтық табыс

Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:

Әділ құнның таза өзгеруі

Барлық басқа жиынтық табыс

Жалпы жиынтық табыс

Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар

Жарияланған дивидендтер (12-ескертпе)

Тұрақтандыру резервіне көшіру (12-ескертпе)

Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар

2025 жылғы 30 маусымдағы қалдық

1 Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдық құрылымы және қызметі

2023 жылғы 1 қыркүйекте Мемлекет басшысы өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында «KazakhExport» ЭСК» АҚ базасында барлық қажетті құралдарды шоғырландыра отырып, экспортты ілгерілетудің толыққанды институтын құруды тапсырды. Бұл тапсырма ҚР Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығымен бекітілген Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 61-тармағында 2024 жылғы қаңтарда орындалу мерзімімен бекітілген.

2024 жылғы 23 қаңтарда ҚР Президенті «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды, оның шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 20 мамырдағы № 261 қаулысымен «KazakhExport» ЭСК» АҚ «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ болып өзгертілді.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ (бұдан әрі – Агенттік) «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР заңнамасына сәйкес шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық институт болып табылады.

Агенттік Қазақстан заңнамасына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасында құрылған «KazakhExport» ЭСК» АҚ базасында құрылды.

Агенттіктің Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - «ҚНРДА») берген 2022 жылғы 24 қарашадағы № 2.1.13 сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар.

2024 жылғы 24 сәуірде Агенттік «жалпы сақтандыру» және «қайта сақтандыру» салалары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға лицензияны ҚНРДА-ға қайтаруды жүзеге асырды. 2024 жылғы 10 мамырдағы Б-162 бұйрығымен аталған лицензияның қолданылуы тоқтатылды.

Бүгінгі таңда Агенттіктің қызметі «Сауда қызметін реттеу туралы» және «Өнеркәсіптік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Аталған заңнамалық актілерге сәйкес Агенттік тиісті лицензия алмай-ақ экспорттық кредиттерді, инвестицияларды, отандық экспорттаушылар мен отандық шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) шетелдік сатып алушыларына берілген кредиттеуге (қарыздарға) байланысты мәмілелерді, олардың пайдасына берілген кепілдіктер мен кепілгерліктерді қаржы ұйымдарының тиісті залалдарынан, өзге де қаржылық залалдардан және соған байланысты азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен ерікті сақтандыруды, сондай-ақ оларды қайта сақтандыруды жүзеге асырады. Сонымен қатар Агенттік экспорттық сауда және экспорт алдындағы қаржыландыруды, сақтандыру мен қайта сақтандыруды, шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беруді, Қазақстанның Даму Банкі, лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалар мен отандық өңдеуші өнеркәсіптің жоғары технологиялық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін шетелдік сатып алушылар жүзеге асыратын, Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі тарапынан сақтандырылуға жататын мәмілелерді қолдауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Агенттіктің стратегиялық даму бағыттарына экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, экспорттаушылар санын және оларға көрсетілетін қолдау көлемін ұлғайту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыру кіреді.

Агенттіктің заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

(б) Акционер

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұдан әрі «Бас кәсіпорын» деп аталатын «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» шығарылған акциялардың 100% иеленеді. Агенттіктің түпкілікті акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі. 2013 жылғы 29 мамырдағы №299-және акциялар пакетін беру туралы шартқа сәйкес Агенттіктің акциялар пакеті «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ сенімгерлік басқаруға берілді. «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығымен құрылды.

2026 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша Агенттіктегі қызметкерлер саны 136 қызметкерді құрады (2025 жылғы 31 желтоқсан: 132 қызметкер).

(в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

2022 жылдың басынан бастап геосаяси қақтығыстар мен одан кейінгі экономикалық санкциялар нәтижесінде қаржылық және іскерлік орта айтарлықтай өзгерді. Санкциялық шектеулер жағдайында жұмыс жалғасуда, бұл Қазақстанның сақтандыру индустриясына айтарлықтай әсер етті. Міне, бірнеше негізгі аспектілер:

1. **Сақтандыруға сұраныстың артуы:** экономикалық және саяси белгісіздіктің күшеюі компанияларды өз активтерін қорғау және тәуекелдерді азайту үшін сақтандыру құралдарын белсенді пайдалануға итермеледі.
2. **Тәуекелдердің өзгеруі:** Қазақстандағы сақтандыру компаниялары өзгерген экономикалық жағдайға байланысты жаңа тәуекелдерге тап болды. Бұл сақтандыру шарттары мен тарифтерді қайта қарау қажеттілігіне әкелді.
3. **Бәсекелестік ортаның өзгеруі:** жекелеген нарықтарда бірқатар халықаралық компаниялардың болуын шектеу қазақстандық сақтандырушылардың қызметін кеңейту үшін мүмкіндіктер туғызды.
4. **Реттеуші өзгерістер:** экономикалық жағдайдағы өзгерістер мен санкцияларға жауап ретінде реттеушілер сақтандыру компаниялары үшін жаңа ережелер мен талаптарды енгізді, бұл олардың қызметіне де әсер етті.

Бұл факторлар жиынтығында Қазақстанның сақтандыру ландшафт индустриясының өзертті, жергілікті сақтандырушылар үшін сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктер туғызды.

2026 жылғы маусымда халықаралық Fitch Ratings рейтингтік агенттігі Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде «тұрақты» болжамымен растады. Қазақстанның кредиттік рейтингі елдің халықаралық резервтерінің едәуір көлемін және мемлекеттік борыш деңгейінің төмендігін көрсетеді. Fitch Ratings бағалауынша, 2025 жылдың соңында жалпы халықаралық резервтер, алтынды қоса алғанда, 65,4 млрд АҚШ долларына жетіп, 2026 жылғы мамырда 67,6 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды. Ұлттық қордың валюталық активтерінің көлемі 2026 жылғы мамырдың соңында 66,4 млрд АҚШ долларын (ЖІӨ-нің 18%-ы) құрап, өткен жылмен салыстырғанда 6,8 млрд АҚШ долларына артты. Fitch Ratings сарапшыларының болжамына сәйкес, 2026–2028 жылдары Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) өсімі мұнай өндіру көлемінің тұрақтануы аясында жылына 4% деңгейінде күтіледі (2025 жылғы 6,5%-бен салыстырғанда). Экономикалық белсенділікті көлік, өңдеуші өнеркәсіп, қызмет көрсету саласы және мемлекеттік инвестициялар сияқты мұнайға қатысы жоқ секторлар қолдайды.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтың сипаттамаларын көрсетуді жалғастыруда. Бұл сипаттамаларға сонымен қатар, бірақ олармен шектелмей, елден тыс еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығындағы өтімділіктің төмен деңгейі жатады.

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы 1 АҚШ долларына 505.53 теңгемен салыстырғанда (30 маусым 2025 ж.: 1 АҚШ долларына 519.64 теңге) салыстырғанда 1 АҚШ долларына 480.72 теңгені құрады.

2025 жылдың алты айының қорытындысы бойынша жылдық инфляция деңгейі 10.3%-ды құрады (2025 ж.: инфляция деңгейі – 11.8%)

Экономикалық орта Агенттіктің қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық Агенттіктің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды. Дегенмен, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын және басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың келешегі көп жағдайда үкімет қабылдаған экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Агенттіктің бақылауынан тыс құқықтық және саяси оқиғаларға байланысты.

2 Есепке алу негіздері

(а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы өтініш

Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат ҚЕХС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілік» сәйкес дайындалды және оны 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын, ҚЕХС бухгалтерлік есеп стандарттарына ҚЕХС ("ҚЕХС") сәйкес дайындалған жылдық қаржылық есептілікпен бірлесіп қарау керек.

(б) Бағалау мен пайымдауды қолдану

Осы қысқартылған аралық ақпаратты дайындау кезінде басшылық есеп саясатын қолдануға және қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың мөлшеріне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Егер төменде басқалай көрсетілмесе, Агенттіктің есеп саясатын қолдану кезінде басшылық қалыптастырған неғұрлым маңызды пайымдаулар және есептік бағалауларға қатысты белгісіздіктің негізгі көздері соңғы жылдық қаржылық есептілікте сипатталған пайымдаулар мен бағалауларға ұқсас.

Сақтандыру және қайта сақтандыру

Агенттік сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын ҚЕХС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» талаптарына сәйкес есепке алады. Егер шарт бойынша Агенттікке елеулі сақтандыру тәуекелі берілсе, мұндай шарт сақтандыру шарты ретінде жіктеледі. Агенттік шығарған барлық шарттар ҚЕХС (IFRS) 17 қолданылу аясына жатады.

Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары әрбір шарттың тәуекелдерінің жеке сипаттамалары, сақтандыру талаптары, андеррайтинг жүргізу тәртібі және залалдарды реттеу рәсімдері болуына байланысты әрбір жеке шарт деңгейінде есепке алынады.

Бастапқы тану кезінде Агенттік шарттың шекараларын айқындайды және ҚЕХС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес бағалау моделін таңдайды. Қарыздарды сақтандыру шарттары Жалпы бағалау моделі (General Measurement Model, GMM) қолданылып бағаланады, ал қарыздарды сақтандырудан өзге сақтандыру шарттары, сондай-ақ оларға сәйкес қайта сақтандыру шарттары сыйлықақыны бөлу тәсілін (Premium Allocation Approach, PAA) қолдану арқылы бағаланады.

Жалпы бағалау моделіне сәйкес міндеттемелерді бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары, ақшаның уақытша құны, қаржылық емес тәуекелге түзету және шартта көзделген қызметтер маржасы (Contractual Service Margin, CSM) ескеріледі.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап кредит мерзімінің соңында берешегі өтелетін қарыздарды сақтандыру шарттары бойынша Агенттік болашақ ақша ағындарын бағалау кезінде сақтандыру жағдайы сақтандырулық қорғау мерзімінің соңында орын алуы мүмкін деген болжамға негізделген тәсілді қолданады. Осыған байланысты мұндай шарттар бойынша сақтандырудан түсетін кіріс негізінен сақтандыру полисі жылының соңында танылады, ал сақтандыру мерзімі ішінде негізінен әкімшілік шығыстардың, тәуекелге түзетудің және шартта көзделген қызметтер маржасының босатылуы көрсетіледі. Бұл тәсіл тек 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жасалған шарттарға қолданылады және шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішіндегі жиынтық қаржылық нәтижеге әсер етпей, сақтандырудан түсетін кірістің есепті кезеңдер арасында бөлінуін ғана өзгертеді. Сонымен қатар Агенттік контрагенттердің қаржылық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізеді және олардың кредиттік сапасының нашарлау белгілері анықталған жағдайда тәуекел параметрлерін уақтылы қайта қарап, сақтандыру міндеттемелерінің толық көлемде қалыптастырылуын қамтамасыз етеді.

РАА әдісі бойынша қалған сақтандырулық қорғау жөніндегі міндеттемелер бастапқы тану кезінде осы күнгі аквизициялық ақша ағындарын шегергеннен кейін алынған сақтандыру сыйлықақылары негізінде бағаланады.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Агенттік ҚЕХС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес РАА моделі бойынша есепке алынатын сақтандыру шарттары бойынша төленбеген сақтандыру сыйлықақыларын есепке алу тәртібін нақтылады. Егер сақтандыру сыйлықақысы сақтандырулық қорғау кезеңі аяқталғаннан кейін де алынуға тиіс болып қалса, Агенттік сақтандыру шарты бойынша активті тануды жалғастырады. Сақтандырулық қорғау аяқталғаннан кейінгі алты айлық кезең ішінде мұндай активтің өтелімділігі бағаланады, ал төлем болмаған жағдайда актив кіріс құрамында есептен шығарылады.

Алты айлық күту кезеңі жекелеген сақтандыру шарттарының ерекшеліктеріне байланысты белгіленген, мұндай шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақысының түпкілікті мөлшері сақтандырулық қорғау кезеңі аяқталғаннан кейін нақты сауда айналымының көлемі негізінде айқындалады.

Туындаған залалдар бойынша міндеттемелер сақтандыру жағдайы орын алған кезде танылады және күтілетін сақтандыру төлемдерінің негізінде бағаланады. Егер залалдарды реттеу мерзімі бір жылдан аз болса, оның әсері елеусіз болғандықтан дисконттау қолданылмайды. Қарыздарды сақтандыру шарттары бойынша дефолт белгілері ($PD = 100\%$) болған жағдайда Агенттік қалған сақтандырулық қорғау бойынша міндеттемені тануды тоқтатады және дефолт болған кездегі күтілетін залалдар (LGD) сомасына, сондай-ақ залалдарды реттеуге арналған шығыстарға қатысты болған, бірақ мәлімделмеген залалдар резервін ($OMHP$) қосымша қалыптастырады.

Қарыздарды сақтандыруды қайта сақтандыру шарттарын қоспағанда, ұстап қалынатын қайта сақтандыру шарттары үшін сыйлықақыны бөлу тәсілі (Premium Allocation Approach, PAA) қолданылады. Мұндай шарттар бойынша активтер қайта сақтандырушылардан күтілетін өтем сомаларын ескере отырып бағаланады және қайта сақтандырушылардың кредиттік тәуекеліне түзетіледі.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Агенттік ҚЕХС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес қарыздарды сақтандыру шарттары бойынша ұстап қалынатын қайта сақтандыру шарттарын бағалаудың жеке моделін әзірлеп, енгізді. Аталған модель негізгі сақтандыру шарты мен оған сәйкес қайта сақтандыру шартының үйлесімі деңгейінде бағалауды көздейді, бұл қайта сақтандырулық қорғауды, қайта сақтандырушылардың кредиттік тәуекелін және негізгі сақтандыру шарты мен қайта сақтандыру шарты арасындағы өзара байланысты неғұрлым егжей-тегжейлі көрсетуге мүмкіндік береді.

Жаңа модельде әрбір қайта сақтандыру шарты бойынша болашақ ақша ағындарының құны, тәуекелге түзету, шартта көзделген қызметтер маржасы (Contractual Service Margin, CSM) және залалдарды қалпына келтіру компоненті есептеледі. Бұл ҚЕХС (IFRS) 17 талаптарының дәйекті қолданылуын қамтамасыз етіп, ұстап қалынатын қайта сақтандыру шарттарын бағалау сапасын арттырады. Модельді енгізу есепке алу қағидаттарының өзгеруіне әкелген жоқ, керісінше GMM бойынша қайта сақтандыру шарттары жөніндегі есеп айырысуларды бағалау әдіснамасын жетілдіруге бағытталды.

Сақтандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер мен шығыстар ақшаның уақытша құнының өзгеруінің әсерін, қаржылық тәуекелдерді және шетел валютасында көрсетілген шарттар бойынша бағамдық айырмаларды қамтиды және есепті кезеңнің пайдасы немесе залалы құрамында танылады.

(в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Қысқартылған аралық қаржылық ақпарат әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын, әділ құны бойынша көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, нақты шығындар қағидатына сәйкес дайындалды.

(г) Функционалдық валюта және қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың деректерін ұсыну валютасы

Агенттіктің функционалдық валютасы - осы Агенттік өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Агенттіктің функционалдық валютасы және Агенттіктің есептілігін ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесі («теңге») болып табылады.

3 Маңызды есеп саясаты

Егер төменде басқалай көрсетілмесе, осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты жасау кезінде Агенттіктің 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жылдық қаржылық есептілігін жасау кезіндегідей есепке алу ережелері мен есептеу әдістері қолданылды.

Бұл қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың мақсаты-негізгі пайдаланушылар үшін басшылық маңызды деп санайтын ақпаратты ғана ашу.

Аралық кезеңдегі салықты есептеу. Аралық кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыстар күтілетін жылдық жиынтық пайдаға қолданылатын тиімді салық мөлшерлемесі бойынша есептеледі, яғни аралық кезеңдегі салық шегерілгенге дейінгі пайдаға қолданылатын орташа өлшенген жылдық тиімді табыс салық мөлшерлемесі бойынша.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға қатысты бірқатар ашып көрсетулер ақпараттың салыстырмалылығын және ұсынылу сапасын жақсарту мақсатында 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі ақпараттың ұсынылуына сәйкес келтірілді. Аталған өзгерістер тек ұсыну (презентациялық) сипатта болды және Агенттіктің қаржылық жағдайына немесе қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап келесі жаңа стандарттар мен түзетулер күшіне енді:

- Қаржы құралдарын жіктеу мен бағалауға қатысты түзетулер – ҚЕХС (IFRS) 9 және ҚЕХС (IFRS) 7 стандарттарына енгізілген түзетулер (2024 жылғы 30 мамырда жарияланған және 2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады);
- ҚЕХС стандарттарына жыл сайынғы жақсартулар (2024 жылғы шілдеде жарияланған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады).

Жаңа талаптар Агенттіктің қысқартылған аралық қаржылық ақпаратына елеулі әсер еткен жоқ.

Агенттік 2027 жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін басталатын, мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды:

- ҚЕХС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсету» (2024 жылдың 9 сәуірінде шығарылды және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

2024 жылғы сәуірде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес (IASB) қаржылық есептіліктегі ақпаратты ұсынуға қатысты жаңа талаптарды белгілейтін және пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есепке ерекше назар аударатын ҚЕХС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсету» жаңа стандартын жариялады.

ҚЕХС (IFRS) 18 стандартының негізгі өзгерістері мыналарға қатысты:

- пайда немесе залал туралы есептің құрылымы;
- ұйым қаржылық есептіліктен тыс ұсынатын қаржылық нәтижелердің жекелеген көрсеткіштерін (басшылық айқындайтын тиімділік көрсеткіштері, management-defined performance measures) қаржылық есептілікте міндетті түрде ашып көрсету;
- қаржылық есептіліктің негізгі нысандарына да, оған қатысты ескертпелерге де қолданылатын ақпаратты топтастыру және бөлшектеу қағидаттарын күшейту.

ҚЕХС (IFRS) 18 ҚЕХС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» стандартын алмастырады. Бұл ретте ҚЕХС (IAS) 1 стандартының көптеген қолданыстағы қағидаттары елеулі өзгерістерсіз сақталады немесе тек шектеулі түзетулерге ұшырайды.

ҚЕХС (IFRS) 18 қолданылуы активтерді, міндеттемелерді, кірістер мен шығыстарды тануға немесе бағалауға әсер етпейді, алайда ақпаратты ұсыну тәртібіне және, атап айтқанда, ұйым қаржылық есептілікте көрсететін операциялық пайда немесе залал көрсеткішінің мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

ҚЕХС (IFRS) 18 2027 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты қолданылады. Стандарт талаптары алдыңғы кезеңдер бойынша ұсынылған салыстырмалы ақпаратқа да қолданылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша Агенттік ҚЕХС (IFRS) 18 стандартын енгізу процесінде және стандарт талаптарына талдау жүргізіп, олардың қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсетуге ықпалын бағалауда. Аталған ықпалға қатысты түпкілікті бағалау оны енгізу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін қалыптастырылады.

4 Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Бұл бөлімде Агенттіктің тәуекелдерді басқару тәсілдері және сақтандыру тәуекелдері туралы жалпы ақпарат берілген.

(а) Тәуекелдерді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту саясаты

Агенттіктің сақтандыру тәуекелін басқару-бұл қызметтің маңызды аспектісі.

Агенттік жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі тікелей тәуекелге ұшыраған адамдар немесе ұйымдар тарапынан шығын тәуекелін қабылдауды көздейді. Мұндай тәуекелдер сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындауы мүмкін мүлікке, міндеттемелерге, жазатайым оқиғаларға, жүк тасымалына, қаржылық немесе басқа тәуекелдерге жатады. Осылайша, Агенттік келісімшарт бойынша талаптардың мерзімі мен ауырлығына қатысты белгісіздік қаупіне ұшырайды.

Агенттік өзінің сақтандыру тәуекелін сақтандыру сомасын шектеу, жаңа өнімдерді қамтитын немесе белгіленген лимиттерден асатын операцияларды мақұлдау процедуралары, баға нұсқаулықтары, қайта сақтандыруды орталықтандырылған басқару және туындаған мәселелерді бақылау арқылы басқарады.

Ықтималдық теориясы сақтандыру шарттары бойынша тарифтерді анықтау және резервтерді есептеу үшін қолданылады. Негізгі тәуекел-шағымдардың жиілігі мен мөлшері күткеннен де маңызды болады. Сақтандыру жағдайлары өзінің сипаты, кезеңділігі және нақты саны және кез келген жылдағы жағдайлардың шамасы бойынша статистикалық әдістерді пайдалана отырып бағаланған жағдайлардан өзгеше болуы мүмкін.

(i) Сақтандыру қызметі бойынша стратегия

Агенттіктің сақтандыру қызметі бойынша стратегиясы теңгерімді портфельді қамтамасыз ету мақсатында әртараптандыру болып табылады. Бірнеше жылдар бойы стратегия ұқсас тәуекелдердің үлкен портфелін сақтауға негізделген және түпкілікті нәтиже мәндерінің таралуын азайтуға ықпал етеді.

Сақтандыру қызметінің стратегиясы сақтандыруға жататын қызмет түрлерін, қызмет сақтандыруға жататын аумақты және Агенттіктің сақтандыруға дайын қызмет салаларын айқындайтын даму-жоспарда көрсетілген.

Сақтандыру өнімдерінің тарифтері есептеу ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсетеді және қаржылық тәуекелдерді едәуір төмендетуге бағытталған болашақ нәтижелерді түзету үшін қажетті ең ықтимал болжамдарды қамтиды.

Сақтандыру өкілеттіктерін қатаң сақтауды басшылық үнемі қадағалап отырады. Агенттіктің Директорлар кеңесі арнайы рұқсатты қажет ететін мәмілелерді қарайды және бекітеді.

(ii) Қайта сақтандыру стратегиясы

Агенттік шығындардың туындау тәуекелін басқару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін қайта сақтандыруға береді. Компания Агенттіктің тәуекелін төмендету және төлем қабілеттілігінің нақты шегінен аспау мақсатында факультативтік қайта сақтандыру және облигациялық қайта сақтандыру шарттарын жасасады.

Агенттік қайта сақтандырушылардың қаржылық жағдайларына тұрақты мониторинг жүргізеді және қайта сақтандыру жөніндегі шарттарды мерзімді қайта қарайды. Агенттік ай сайынғы негізде қайта сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылық рейтингіне және/немесе кредиттік рейтингіне мониторинг жүргізеді, сондай-ақ қайта сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығына тоқсан сайынғы талдау жүргізіледі.

Агенттік жеке жағдайдан туындайтын шығындар қаупін бақылау мақсатында шығындарды шектейтін кез-келген қайта сақтандыру келісімдерін пайдаланбайды.

(б) Сақтандыру шарттарының талаптары және жабылатын тәуекелдердің сипаты

Төменде сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын ақша қаражаттарының болашақ қозғалыстарының сомасына, мерзімдеріне және белгісіздігіне айтарлықтай әсер ететін сақтандыру шарттарының талаптары көрсетілген. Сонымен қатар, төмендегі сипаттама Агенттіктің негізгі өнімдері туралы және Агенттіктің тиісті тәуекелдерді басқару тәсілдері туралы түсінік береді.

(i) Сақтандыру шарттары – басқа қаржылық шығындардан сақтандыру

Өнімнің ерекшеліктері

Басқа қаржылық шығындардан сақтандыру-шетелдік контрагент-импортердің келісімшартты орындауына қатысты экспорттаушы ұйымның мүліктік мүддесін қорғайды.

Өтелетін тәуекелдер

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- транзит елінің мемлекеттік органының не қазақстандық тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізетін елдің әрекеті не шетелдік контрагент елінің экспроприациялау, тәркілеу, тауарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге меншік құқығын шектеу жөніндегі әрекеті, экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі орындалған жұмыстың нәтижесі;

- қазақстандық тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізу межелі елдің мемлекеттік органының осы тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген әрекеті;
